

ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ
RESEARCH AND ACADEMYC JOURNAL



ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ
ЖАРШЫСЫ
ВЕСТНИК
ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ

№4(72), 2023

Астана, 2023

«ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ЖАРШЫСЫ» ЖУРНАЛЫ
№ 4 (72) 2023 ж.
Ғылыми-практикалық журнал

Редакциялық алқа төрағасы

Садықов С. К. – бас директор

Редакциялық алқа төрағасының орынбасары

Рысбекова Р.Қ. – бас директордың орынбасары

Редакциялық алқа мүшелері:

Арещенко А.И. - профессор, доцент

Кульназаров А.К. – педагогика ғылымының докторы, профессор

Доскараев Б.М. – педагогика ғылымының докторы, профессор

Искакова Г. Г. – Астана қаласы әкімдігінің Өркен балалар мен жасөспірімдер дене тәрбиесі орталығы МКҚК директорының орынбасары

Куптилеуова С.К. – педагогика-психология магистрі

Мадиева Г.Б. – педагогика ғылымының кандидаты, доцент

Марчибаева Ұ.С. – педагогика ғылымының кандидаты, доцент

Мамырханова А.М. – тарих ғылымының кандидаты, доцент, психология-педагогика магистрі

Отаралы С.Ж. – Ph.d докторы

Сивохин И.П. – педагогика ғылымының докторы

Сабырбек Ж. Б. – Ph.d докторы

Цицурин В.И. – бас ғылыми қызметкер

Дизайнер:

Полатов Берік

Корректорлар:

Мамырханова А.М. – тарих ғылымының кандидаты, доцент

Бисембаева А.С. – аға әдіскер

Редакциялық алқаның хатшысы:

Бисембаева А.С.

2009 жылғы 14 сәуірдегі № 10053 Журналды мерзімді баспасөз басылымын және (немесе)
ақпарат агенттігін есепке қою туралы куәлік

Жылына 4 рет шығады

Дене тәрбиесінің жаршысы / Вестник физической культуры

Ғылыми-практикалық журнал / Научно- практический журнал, 2023 ж. №4

Мекен-жайы: 010000, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 11

Телефон: +7 (7172) 73-48-10, электрондық пошта: **nnpcfk2020@yandex.kz**

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі» РМҚК

БИН: 000740000649

ИИК: KZ626018821000965631

«Қазақстанның ұлттық банкі», Астана қаласы,

БИК: HSBKKZKX Заказ: № 221317, Тираж: 500

«Единство инвалидов» ҚБ баспаханасында басылған 010000, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 11

www.prostoprint.kz

тел.: 8 777 841 13 90

2001 ж. 07.02 бастап шығарылады.

Басылымның құрылтайшылары:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі,

Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы

FTAMP 71

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ

5	Садықов С. К. ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ САЛАСЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ПРАКТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ
7	Сабыржанов Ж. АСЫҚ АТУ СПОРТЫ ЕРЕКШЕ ҚАРҚЫНМЕН ДАМУ ҮСТІНДЕ
■	«ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ» ПӘНІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ПРЕДМЕТА «ФИЗИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА» METHODS OF TEACHING THE SUBJECT «PHYSICAL CULTURE»
9	N. Shayakhmetov, S. Sadvokassova A COMPARATIVE LOOK AT PHYSICAL EDUCATION IN AMERICAN AND KAZAKHSTANI UNIVERSITIES
13	Чернов О. И. ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЗДОРОВЬЕСБЕРЕГАЮЩИХ ТЕХНОЛОГИЙ НА УРОКАХ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ
16	Логинов В. Г. ОСНОВЫ ЗДОРОВОГО ОБРАЗА ЖИЗНИ
21	Рябченкова Н. Д. ТЕХНОЛОГИЯ СОТРУДНИЧЕСТВА НА УРОКАХ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ
24	Жолтай Е. М. ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ ОЙЫНЫ АРҚЫЛЫ МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ
28	Скворцов Н. Н. ИСПОЛЬЗОВАНИЕ QR-ТЕХНОЛОГИИ ДЛЯ ПОВЫШЕНИЯ МОТИВАЦИИ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ
■	«ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ» ПӘНІНІҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА ПРЕДМЕТА «ФИЗИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА» THEORY AND PRACTICE OF THE SUBJECT «PHYSICAL CULTURE»
30	Рысбекова Р.К. БІЛІКТІЛІК АРТТЫРУ КУРСАРЫНДА ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ПЕДАГОГТЕРІНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ЖЕТІЛДІРУ
34	Куптилеуова С. К. ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ПЕДАГОГТЕРІНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ МЕН ДАҒДЫСЫН ДАМУ
41	A.M. Kalin, T.S. Aubakirova, E.B. Atetov INNOVATIVE EDUCATIONAL TECHNOLOGIES IN PHYSICAL EDUCATION LESSONS
45	Эсова А. С. НОВЫЕ ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ФИЗИЧЕСКОМ ВОСПИТАНИИ ШКОЛЬНИКОВ
51	Сейтжанова С. С. БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҒЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ МЕН МАҒЫЗЫ
55	Ибат Ә. Қ. ҚАЗІРГІ ҮСТЕЛ ТЕННИСІНДЕ СПОРТ ТҮРІН ТАҢДАУҒА ЖЕКЕ КӨЗҚАРАС
58	Плисс С. В. РЕАЛИЗАЦИЯ ТВОРЧЕСКИХ ВОЗМОЖНОСТЕЙ СТУДЕНТОВ НА УРОКАХ ФИЗИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ
61	Бутузова Т.В., Рахимжанов Е.Т. РЕАЛИЗАЦИЯ ПРОЕКТА АКТИВНОЙ ИГРЫ «COOL GAMES KZ» В ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ШКОЛЕ

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ

- «ҮЗДІК ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ПЕДАГОГІ – 2023» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУЫ
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ КОНКУРС «ЛУЧШИЙ ПЕДАГОГ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ – 2023»

66	Абдигалиев Н. У. «АСЫҚ АТУ» МЕН «БЕС АСЫҚ» ОЙЫНДАРЫНАН ОБЛЫСТЫҚ МЕКТЕПТЕР АРАСЫНДАҒЫ «АЛТЫН САҚА» ТУРНИРИНІҢ ЕРЕЖЕСІ
74	Оспанова Ж. Қ. ЖАРЫС ОЙЫНЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ АШЫҚ САБАҚТЫҢ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЖОСПАРЫ
82	Пусурманов А. С. АКРОБАТИКАЛЫҚ ЖАТТЫҒУЛАР КОМБИНАЦИЯСЫН ОРЫНДАУ ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ АШЫҚ САБАҚТЫҢ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЖОСПАРЫ
86	Иманова Г. А. СПОРТИВНО-МАССОВОЕ МЕРОПРИЯТИЕ «ФЕСТИВАЛЬ СПОРТА: 5 ДНЕЙ – 5 СОБЫТИЙ»
94	Мергенбаев А. С. ТЕМІРҚАЗЫҚ-ДЕНЕ ЖАТТЫҒУЛАРЫНА АРНАЛҒАН СПОРТТЫҚ ҚҰРАЛ
100	Ахметов А. Ф. КОМАНДАЛЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІНЕ КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАРЫМЕН СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУДЫ ДАМУ ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ АШЫҚ САБАҚТЫҢ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЖОСПАРЫ
105	Жасталап Т. Е. АКРОБАТИКАЛЫҚ ЖАТТЫҒУЛАР КЕШЕНІ ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ АШЫҚ САБАҚТЫҢ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЖОСПАРЫ
115	Аманкулов А. К. «ҚОЛЖЕТІМДІ ОЙЫНДАР» ЖОБАСЫ
122	Кайнбердиева Ж. Б. КРАТКОСРОЧНЫЙ ПЛАН ОТКРЫТОГО УРОКА НА ТЕМУ КАЗАХСКИЕ НАЦИОНАЛЬНЫЕ ИГРЫ: ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНАЯ ИГРА – «ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ»

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ САЛАСЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ПРАКТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Садықов Сағдат Кәбірұлы – ҚР Оқу-ағарту министрлігі
Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының
бас директоры.



Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы мектеп жасына дейінгі балалар, оқушы және студент жастар арасында биыл ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік, ғылыми-ұйымдастырушылық, біліктілікті арттыру, спорттық-бұқаралық іс-шаралар бағытында біршама жұмыстар атқарды.

ЮНЕСКО-ның Алматы қаласындағы өңірлік кеңсесімен бірлескен «Қазақстандағы сапалы дене тәрбиесі» ғылыми жобасы іске асырыла бастады. Жоба аясында орта білім беру ұйымдарында дене шынықтыруды оқытудың жай-күйін зерделеу мақсатында Орал, Алматы, Ақтөбе, Шымкент, Өскемен қалаларында дене шынықтыру педагогтерімен 5 консультациялық кездесу өткізілді. Жұмыс қорытындысы бойынша ағымдағы жағдайға талдау жасалып, жоба саясаты және іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді.

2023-2025 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру шеңберінде Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетімен бірге «Балалар мен жасөспірімдердің физикалық денсаулығының мониторингі: ұлттық өлшеу құралдарын модификациялау» ғылыми жобасы іске асырылуда.

Жоба барысында еліміздің 15 өңірінің білім беру ұйымдарында оқитын 9-17 жастағы балалардың (3846) физикалық дамуының деңгейіне зерттеу жүргізілді. Сондай-ақ, еліміздің 4 өңірінің білім беру ұйымдарында оқитын 9-17 жастағы балалардың (1000) физикалық және функционалдық дайындығы зерттеліп, оқушылардың дене дамуы, физикалық шынықтыру және функционалдық дайындығы туралы деректерді өңдеу және жүйелеу жұмыстары жүргізілді. Орта білім беру ұйымдарының жасөспірім балаларының денсаулығы параметрлерінің базасы құрылды. Зерттеу нәтижелерін цифрлық денсаулық паспортын әзірлеу кезінде пайдалану жоспарлануда.

«Орта білім беру ұйымдарының дене шынықтыру педагогтерінің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру бойынша», «Дене шынықтыру пәні бойынша білім беру процесін ұйымдастыруға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар», «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында дене шынықтыру сабағында ашық ойындарды пайдалану бойынша», «Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес әртүрлі спорт түрлері бойынша сабақтар өткізу бойынша», «Білім алушы жастар арасында ұлттық спорт түрлерін ұйымдастыру және өткізу бойынша», әдістемелік ұсынымдар әзірленді. «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға және дамуында ауытқулары жоқ балаларға арналған инклюзивті бағдарламалар» қазақ тіліне аударылды.

Орта білім беру ұйымдарының дене шынықтыру педагогтерінің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы және арнайы медициналық топқа жатқызылған білім алушылардың дене тәрбиесі бойынша сабақтарды ұйымдастыру туралы ереженің жобасын әзірлеу бойынша жұмыс тобының құрамында біздің Орталық қызметкерлері жұмыс жасады.

1-4 сыныптарға, 5-9 сыныптарға, 10-11 сыныптарға арналған «Сергіту сәті» республикалық челленджі ұйымдастырылды, Назарбаев Университеті Медицина мектебімен бірлесіп спорт түрлі түрлері бойынша 20 бейнеролик дайындалды, «Төрт тоқсан-төрт өнер» ұлттық мәдени-ағарту жобасы аясында «Алтын сақа» республикалық олимпиадасы өтті.

«Үздік дене шынықтыру педагогі – 2023» республикалық конкурсына Қазақстанның 19 өңірінен облыстық кезеңнің жеңімпаздары атанған дене шынықтыру педагогтері қатысты. Бас жүлдені Қостанай облысы иеленді, Алматы қаласы, Ақтөбе облысы, Ақмола облысының ұстаздары үздік үштікті құрады.

Дене шынықтыру пәнінен 5-6 сынып, 7-8 сынып оқушылары арасында республикалық пәндік олимпиада өткізілді. Еліміздің 15 өңірінен 270 оқушы қатысты. 5-6 сынып оқушылары арасында 1-орын Алматы қаласы, 2-орын Жетісу облысы, 3-орын Ақмола облысы; 7-8 сыныптар бойынша Алматы қаласы, Солтүстік Қазақстан облысы, Астана қаласы үздік үштік қатарында.

Еліміздің барлық өңірінен 824 педагогтің қатысуымен Қазақстан мұғалімдер спартакиадасы өтті.

Назарбаев университетінің Медицина мектебімен, Польшаның Экономика университетінің Спорт және дене шынықтыру институтымен, Әзербайжанның ұлттық спорттық медицина және оңалту институтымен, Қазақстан халқы ассамблеясы Республикалық аналар кеңесімен, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ, «Тең мүмкіндіктер әлемі» қоғамдық қорымен, «Қазақстан футбол федерациясы» ЗТБ-мен, Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағымен ынтымақтастық туралы меморандумдар жасалды. Ынтымақтастық туралы меморандумды іске асыру шеңберінде отандық және шетелдік ғалымдардың қатысуымен ғылыми-практикалық конференция, семинар, шеберлік сағаттары, съезд ұйымдастырылды.

Сонымен қатар, биыл алғаш рет ауқымды біліктілікті курстарын өткізуді қолға алдық, Орталық 11 982 жалпы орта білім беру ұйымдарының дене шынықтыру педагогін, 650 мектепке дейінгі білім берудің дене шынықтыру тәрбиешілері мен нұсқаушыларын және 500 техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының дене шынықтыру педагогін бюджеттік негізде біліктілікті арттыру курстарынан өткізді, жалпы саны – 13 132. Дене шынықтыру педагогтерінің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту туралы ережеге сәйкес есептер Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігіне уақтылы тапсырылып, мемлекеттік порталға жүктелді.

Біліктілікті арттыру курстарында 314 сертификатталған тренер-оқытушылардың дәрістері мен практикалық сабақтары өткізілді. Олардың қатарына ЖОО оқытушылары (PhD докторлары, ғылым кандидаттары, магистрлер), колледж бен орта мектептердің тәжірибелі мұғалімдері кірді. Оның ішінде: ғылым докторлары, PhD докторлары, ғылым кандидаттары-23% (70); магистрлер – 37% (117); педагог-шебер, педагог-зерттеуші, аға оқытушылар – 13% (41); UEFA жаттықтырушылары, әдіскерлер – 27,3% (86). Профессор-оқытушылар құрамы тренер-оқытушылардың жалпы санының 59,5% құрайды.

Ғылыми кеңесте бекітілген жұмыс тобы орта білім беру мазмұнын оқытудың жаңа әдістерін қолдану негізінде дене шынықтыру мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін арттыру үшін оқу-әдістемелік ұсынымдармен қамтамасыз ету процесінде әдістемелік ұсынымдар мен құралдар үшін материалдар жинақтады. Мәселен «Дене шынықтыру мұғалімінің кәсіби құзыреттілігі мен дағдыларын дамыту» біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасы негізінде әдістемелік құралдар әзірленді. Оқу құралында «Дене шынықтыру» пәні бойынша біліктілікті арттыру курстарының оқу бағдарламаларының ерекшеліктері көрсетілген. Бағдарламада дене шынықтыру пәні бойынша оқытушы-жаттықтырушыларға кешенді білім беруді және оқытуды ұйымдастырудың нысандары мен әдістері, дене шынықтыру сабақтарында инновациялық әдістерді тиімді пайдалану, педагогикалық-психологиялық және нормативтік-құқықтық бағыттар, IT құзыреттіліктерін дамыту ұсынылған.

2022-2023 оқу жылында халықаралық, республикалық бұқаралық спорт, дене шынықтыру – сауықтыру іс-шараларының күнтізбелік жоспарына сәйкес 10 спорт түрі бойынша Ұлттық мектеп лигасының бағдарламасы бойынша 39 іс-шара өткізілді. Лига 5 – 6, 7 – 8, 9 – 11 сыныптар арасында 4 кезеңде өткізіліп келеді. Лига жарыстары 9-11 сыныптар бойынша Астана, 7-8 сыныптар бойынша Павлодар қалаларында, 5-6 бойынша сыныптар Алматы облысында өтті. 2022-2023 оқу жылында жарыстың бірінші кезеңінде 2 303 858 оқушы (62%), екінші кезеңде 1 094 056 оқушы (29,5%), үшінші кезеңде 62 379 (1,7%) оқушы және төртінші кезеңде 10 спорт түрінен 5 522 оқушы (0,14 %) қатысты. Ағымдағы жылы өткен жылмен салыстырғанда оқушыларды қамту 16,24% - ға артты.

Ұлттық мектеп лигасының 9-11 сыныптар арасындағы жеңімпаздар - Түркістан облысы, Шымкент қаласы, Ақтөбе облысы, 7-8 сыныптар арасындағы жеңімпаздар - Павлодар облысы, Түркістан облысы, Шымкент қаласы, 5-6 сыныптар арасындағы жеңімпаздар - Түркістан облысы, Павлодар облысы, Жамбыл облысы. Айта кетейік, лиганың республикалық кезеңіне 5522 оқушы қатысты.

Сондай-ақ, Қазақстан оқушыларының XI қысқы гимназиадасында 700-ге жуық оқушы бақтарын сынап, Қостанай облысы, Солтүстік Қазақстан облысы және Батыс Қазақстан облыстары жеңіс тұғырынан көрінді.

Жыл көлемінде әртүрлі спорт түрлерінен өткен республикалық жарыстар мен турнирлер 3000-ға жуық оқушыны қамтыды.

Естеріңізде болса, Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы жыл басында Америка Құрама Штаттарында өткен XXXI Дүниежүзілік қысқы универсиада, Қытайдың Чэнду қаласында өткен XXXI Дүниежүзілік жазғы универсиада ойындарына ел құрамасын бастап барды, Түркістанда өткен II Түркі универсиадасын ұйымдастырды.

Орталық ағымдағы жылы Жарғыға сәйкес барлық қызмет түрлерін жүзеге асырғанын жеткізгім келеді.

АСЫҚ АТУ СПОРТЫ ЕРЕКШЕ ҚАРҚЫНМЕН ДАМУ ҮСТІНДЕ

Жомарт Сабыржанов - Қазақстан Республикасы
Асық ату федерациясының атқарушы директоры.



2010 жылғы 4 қазанда Асық ату республикалық федерациясы ашылып, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеуден өтсе, ойын ережесі 2011 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық спорт түрлері қауымдастығы президентінің келісімімен Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт комитетімен бекітілді.

2017 жылғы 4-9 желтоқсанда Корея Республикасының Чеджу қаласында Үкіметаралық материалдық емес мәдени мұраны қорғау комитетінің 12-сессиясына насихаттаушы ретінде қатысып, Асық ойыны материалдық емес мәдени мұра ретінде ЮНЕСКО қорғау тізіміне кірді.

2018 жылғы 18 мамырда Асық ату республикалық федерациясы ұлттық спорт түрі федерациясы ретінде Ұлттық олимпиада комитетімен танылды. Осы жылы 2 қазанда Асық ату республикалық федерациясы аккредиттеуден өтіп, № 080 нөмірі берілді. Бүгінгі таңда Қазақстанның 16 облысында аккредиттелген федерация жұмыс істейді. Асық атудан 1124 жаттықтырушы жұмыс істеуде, оның ішінде 84 штаттағы жаттықтырушылар.

Асық ату спортымен жүйелі түрде айналысатындардың саны үнемі өсіп келеді. Қазіргі таңда 77864 спортшы жүйелі түрде асық атумен айналысады. Өңірлерде 2239 асық ату спортының үйірмесі бар. Аккредиттелген жылдан бері 60-тан аса Қазақстан Республикасының спорт шеберлері дайындалып, биыл 2 халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері шықты.

Биылғы жылы Степногорск қаласында ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев спортшы қауымымен кездескен кезде асық ату спортына мән беріп, «Бізде асық ойнағанбыз және осы спорт түрін халықаралық деңгейге жеткізудеміз» - деп атап өтті. Бұл қолдау біздің спортшыларымыздың рухын көтерді. Асық ату спорты орта мектептердің оқу бағдарламаларына, сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Президентінің жүлделеріне, ұлттық спорт ойындарының бағдарламаларына енгізіліп, сонымен бірге шетелде Болашақ бағдарламасымен білім алып жатқан жастардың арасында, сондай-ақ Қазақтардың дүниежүзілік құрылтайларында жарыстар ұйымдастырылып өткізілуде.

2023 жылы Ұлттық және ат спорты түрлері орталығының қолдауымен асық ату спортынан 8 республикалық және 3 халықаралық турнир өтті. Атап айтар болсақ 2003-2006 жылдары туған жастар арасында Қазақстан чемпионаты (Шымкент қаласы, 1-4 сәуір), 2010-2012 жылдары туылған жасөспірімдер арасында Қазақстан чемпионаты (Қызылорда қаласы, 26-30 сәуір), 2007-2009 жылдары туылған жасөспірімдер арасында Қазақстан чемпионаты (Тараз қаласы, 4-7 мамыр), ересектер арасында Қазақстан чемпионаты (Көкшетау қаласы, 10-13 маусым) және Түркияның Анталия қаласында 29 қаңтар - 4 ақпан аралығында Еуразия кубогі өтті.

Бұдан бөлек Асық ату спортынан халықаралық жарыс 25-29 мамыр аралығында Германияның Кельн қаласында Еуропа қазақтарының құрылтайы аясында өткізілді.

Республикалық жарыстарда барлық жас жеткіншіктер арасында үздік нәтиже көрсеткен облыстар Түркістан, Қостанай, Ақмола, Жамбыл және Павлодар және Астана қаласы.

2010-2012 жылдары туған жасөспірімдер арасындағы Қазақстан чемпионаты 26-30 сәуірде Қызылорда қаласында өтіп, Қазақстанның 16 облысынан командалар қатысты. Осы жылдан бастап республикалық және халықаралық жарыстарға Қазақстан Республикасы Ұлттық спорт қауымдастығынан жүлде қоры қосылды.

Жылдың екінші жартыжылдығында 2023 жылға арналған бірыңғай республикалық және халықаралық іс-шаралар күнтізбелік жоспарына сәйкес жастар арасындағы Қазақстан чемпионаты 14-17 шілде аралығында Баянауылда, ардагерлер арасындағы Қазақстан чемпионаты 30 шілде - 3 тамыз аралығында Балқаш қаласында, кіші жасөспірімдер арасындағы Қазақстан чемпионаты 15-18 тамыз аралығында Алматы қаласында, әлем кубогі 1-4 қыркүйек аралығы Констанца қаласында (Румыния) және ересектер арасындағы Қазақстан кубогі 29 қазан - 1 қараша күндері Ақтөбе қаласында өтті.

Сонымен қатар жақында Қазақстанға ресми сапармен келген Франция президенті Эмманюэль Макрон президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлымен бірге асық ойнап, ұлттық спортымызды жаңа бір деңгейге көтеріп тастады. Сондай-ақ 12 қазан күні Астана қаласында дүниежүзі қазақтарының «Отандастар» форумы өтіп, осы форум аясында «Қазақ үйі» Испания қазақтарының білім және мәдениет ассоциациясы мен ҚР Асық ату федерациясы ұлттық ойынымыз асық атуды дамыту жөнінде өзара ынтымақтастық меморандумын жасасты. Екіжақты келісімге Испания тарапынан «Қазақ үйі» Испания қазақтарының білім және мәдениет ассоциациясының өкілі Жанар Нұрбаева мен Қазақстан Республикасы Асық ату федерациясының атқарушы директоры Жомарт Сабыржанұлы қол қойды.

Жанар Аманкелдіқызының айтуы бойынша Испанияда көптеген қазақтар тұрады. Олар ұлттық салт-дәстүрімізді ұмытпау үшін Қазақ үйін ашып, жыл сайын Наурыз тойын тойлаумен қатар, басқа да мәдени-спорттық шаралар өткізіп тұрады. Болашақта ол жақта тұратын қазақтар мен испандықтарға асық ойынын үйретіп, ұлттық ойынды кең көлемде дамыту мақсатында тиісті жұмыстар атқармақ. Негізі испан халқында да асық ойыны бар екен. Ендеше біздің ойынымызды үйрену оларға көп қиындық тудырмайтын секілді. Ең бастысы ынта мен талап болса болды. Келесі жылы ашылатын халықаралық Асық ату федерациясының басты мақсаты Испания секілді шет елдерде ұлттық ойынымызды насихаттау болмақ. Ұлттық спорт түрлері қауымдастығы мен Федерация тарапынан шет елдегі отандастарымыз бен барша асық ойынын үйренеміз дегендерге барлық жағынан қолдау көрсетілетін болады.

Қазақстан Республикасы Асық ату федерациясы биылдан бастап жыл ішінде үздік нәтиже көрсеткен асықшыларды марапаттап отыруға шешім қабылдады. Жақында, 14 қараша күні Астана қаласында «Жыл үздігі-2023» марапаттау рәсімі өтіп, үздік асықшылар, олардың бапкерлері, төрешілер және командалар федерация тарапынан қомақты қаржылай сыйақыға ие болды.

Мұның бәрі асық спортын дамыту үшін жасалып жатырқан жұмыстар деп білеміз.

Тағы бір жағымды жаңалық - 17 қараша күні еліміздің барлық білім беру ұйымдарында «Алтын сақа» республикалық челленджі басталып, екі миллионнан астам оқушы асық атуға қатысты.

«Төрт тоқсан - төрт өнер» ұлттық мәдени-ағартушылық жобасы аясында өткен іс-шара Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің қолдауымен өтіп, желтоқсан айында республикалық семинар және «Алтын сақа» республикалық олимпиадасымен аяқталмақ.

Келер жылы Федерация үлкен мақсаттар қойып отыр. Көптеген үлкен жобаларымыз бар. Оның ішінде 1 маусым халықаралық балаларды қорғау күні еліміз бойынша Асық ату күні деп белгілеп, еліміз бойынша жаппай асық ату ұйымдастырылмақшы. Сонымен қатар «Қазақстан барысы» турнирі секілді асық ату спортынан «Алаш мергені» республикалық турнирін өткізу жобасы бар. Одан кейін халықаралық Асық ату федерациясы құрылмақшы.

Келесі жылы 5-дүниежүзілік «Көшпенділер ойындары» Астана қаласында өтпекші. Асық ату спорты осы беделді ойындар бағдарламасына еніп, ойындар аясында Асық атудан тұңғыш әлем чемпионаты өтпек. Күнтізбелік жоспарға сәйкес келер жылы әртүрлі жас ерекшеліктері бойынша Қазақстан чемпионаты, бірнеше халықаралық турнирлер өтеді. Ақтөбе қаласында 2 - Азия чемпионатын өткізу жоспарда бар.

Осылайша ұлттық ойынымыз жаңа белестерге аяқ баспақ. Асық ату спортын әлемдік деңгейге шығару үшін қолдан келген бар мүмкіндікті жасап, федерация мен асықшылар бірлік пен ынтымақтың арқасында алға қарай қадам жасай беретін боламыз.

Жеңісті күндеріміз көп болып, асығымыз әрқашан алшысынан түсе берсін, ағайын!

1

«ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ» ПӘНІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ПРЕДМЕТА
«ФИЗИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА»

METHODS OF TEACHING THE SUBJECT
«PHYSICAL CULTURE»

МРПТИ 77.03.07

A COMPARATIVE LOOK AT PHYSICAL EDUCATION IN AMERICAN AND KAZAKHSTANI UNIVERSITIES

Nurlybek Shayakhmetov

master of pedagogical sciences, senior lecturer Astana IT University, Astana, Kazakhstan.

Saltanat Sadvokassova

master of pedagogical sciences, senior lecturer Astana IT University, Astana, Kazakhstan.

■ **Annotation.** This article compares approaches to physical education (PE) in Kazakhstan and the United States, emphasizing a common focus on health promotion and physical fitness among students. It highlights differences in curriculum, sports facilities, levels of competition and gender roles. In Kazakhstan, physical education tends to lean toward traditional sports, whereas in the United States a broader range of activities are offered. American universities tend to have superior sports facilities and highly competitive teams, in contrast to varying facility quality in Kazakhstan and less intense competition. Academic integration is more common in the U.S., where students can earn credits for sports, whereas in Kazakhstan sports and studies are often separated. Gender roles may affect sports participation in Kazakhstan, as there is greater gender equality in American sports. In general, both countries value physical education, but differences in curriculum, facilities, competition, academic integration, and gender roles shape their different approaches.

➔ **Key words:** physical culture, curriculum, sports facilities, health and well-being.

Introduction. Physical education plays a vital role in the physical well-being, health and overall development of students. It provides the foundation for healthy lifestyles and motor skills development. Understanding physical education systems and practices in different countries can provide insight into different approaches to achieving these goals.

The purpose of this study is to provide an in-depth analysis of physical education systems in the United States and Kazakhstan. By examining their curriculum, facilities, level of competition, integration with academic departments, and possible gender factors, we aim to identify similarities and differences in approaches to physical education. Such a comparative analysis may prove useful for educators, policy makers and researchers in both countries and beyond.

The objectives of this comparative study are, firstly, to evaluate physical education curriculum in the United States and Kazakhstan with a focus on the range of sport and physical education activities

offered to students. Secondly, to assess the quality and availability of sports facilities for physical education in both countries. Thirdly, to compare the level of competition in university sports and to examine the integration of sports with academics. Through these objectives, this study aims to provide a comprehensive understanding of the different approaches to physical education in the two countries.

The methodology for a comparative study of physical education systems in the United States and Kazakhstan involves a thorough literature review to obtain key information on curriculum, quality and availability of facilities, level of competition, integration with academic disciplines, and gender roles in sport. A detailed comparative analysis is then conducted to identify differences in curriculum, facilities, level of competition, and cultural influences on gender roles.

Physical education classes consist of physical activity courses offered to students from kindergarten through 12th grade. The purpose of PE lessons is to introduce students to the basic elements of physical

exercise that will lead to a healthy lifestyle. Students can improve their motor and psychomotor skills by participating in a variety of traditional sports such as basketball and soccer, as well as physical activities such as weight lifting and aerobics [5].

Physical education programs in American colleges and universities have a rich and enduring tradition that spans more than a century. Throughout their evolution, general university courses have remained a consistent element in these programs, placing a primary emphasis on promoting students' physical well-being and growth. Nevertheless, the landscape of activity programs within physical education has undergone significant transformations over the years [2].

Classes began with standard exercises that included mild gymnastics, a hand-held device, and music that would be enjoyable to the students and be useful to them. The first 15 to 20 minutes of class were spent in this section. This was the beginning of mandatory physical education in America's colleges and universities.

Currently, the physical education discipline within American universities focuses on the development of physical fitness, motor skills, and a healthy lifestyle. Physical education classes are designed to improve students' overall health and well-being, as well as their athletic abilities. They typically include activities like cardiovascular exercise, strength training, and flexibility exercises [5].

The most common way to fulfill the physical education requirement is to have students complete both activity-based coursework—such as gym or swimming pool classes—and conceptually-based coursework, like classroom lectures and labs—that focuses on fitness development, skill development, and/or individual or team sports participation [1].

Along with these more typical requirements, there are also a few uncommon ones. To obtain a baccalaureate degree, some universities require students to pass a swim test (e.g., Columbia University, Hamilton College, Oral Roberts University, and Westminster College) [1]. Students at Hamilton College had to pass a fitness exam as well. Students at Mayville State University were required to hold a first aid certification. Other institutions may have same or even different requirements, therefore these are not meant to be exhaustive lists.

American universities also have a strong tradition of intercollegiate sports, with many universities fielding highly competitive teams in a variety of sports. These teams compete against each other in regular-season games and tournaments, culminating in national championships in some sports [3].

In addition to promoting physical health and athletic competition, student sports and physical education programs can have a positive impact on academic performance, social skills, and mental health. Many universities also offer scholarships and other financial incentives for student-athletes, which can help offset the cost of tuition and other expenses [4].

In Kazakhstan, sports and physical education are considered important components of university life. Most universities in the country offer various sports and physical education programs for their students. These programs can range from organized sports teams to fitness classes and individual workouts.

The Ministry of Education and Science of Kazakhstan has also made efforts to promote physical education and sports at the university level. For example, in 2014, the ministry introduced a new program called «Physical Culture and Sports» which aimed to improve the overall health and fitness of students through various sports and fitness activities.

Additionally, there are national and international sports competitions that Kazakhstani universities participate in, which provide students with opportunities to represent their universities and showcase their athletic abilities.

Kazakhstani universities offer a wide range of sport programs and exercises for their students, which include both traditional and modern sports. Some of the most popular traditional sports in Kazakhstan include wrestling, boxing, and horseback riding, while modern sports such as football, basketball, and volleyball are also widely practiced.

Many universities have their own sports facilities, including gyms, swimming pools, and outdoor sports fields. These facilities are often open to all students, free of charge or at a minimal fee, and can be used for both individual and team sports.

Moreover, universities in Kazakhstan offer various fitness programs and exercises to help students maintain their physical health and fitness. These programs can range from aerobics and yoga classes to weight training and cardio workouts.

There are also several sports clubs and teams that students can join, which provide opportunities for them to compete at the national and international levels. These teams are often well-funded and have experienced coaches and trainers who help athletes improve their skills and reach their full potential.

Overall, sports and physical education are taken seriously in Kazakhstan, and universities in the country provide a variety of sports and fitness programs to cater to the needs and interests of their students.

Results and discussion of the research.

The student sport and physical education discipline in Kazakhstan and America differ in several ways. Here are some points of comparison:

Curriculum: The physical education curriculum in Kazakhstan typically focuses on traditional sports such as football, volleyball, and wrestling. In contrast, American universities often offer a wider range of physical education classes, including options like yoga, Pilates, and dance.

Facilities: American universities typically have more extensive and better-equipped sports facilities, including indoor and outdoor stadiums, swimming pools, and weight rooms. In Kazakhstan, sports facilities can vary widely in quality and availability, depending on the university and its budget.

Level of competition: While both countries have a strong culture of sports, the level of competition in American universities is generally higher, with many universities fielding highly competitive teams that participate in national championships. In Kazakhstan, university sports teams may not compete at such a high level.

Integration with academics: In American universities, physical education classes are often integrated with academic programs, and students can earn academic credit for participating in sports or fitness activities. In Kazakhstan, sports and academics are generally viewed as separate domains.

Gender roles: In Kazakhstan, traditional gender roles may influence participation in sports, with some sports being considered more appropriate for men than women. In the United States, there is generally more gender equality in sports, with both men and women participating in a wide range of athletic activities.

Conclusion. Overall, while both Kazakhstan and America value physical education and sports, there are some differences in terms of curriculum, facilities, level of competition, integration with academics, and gender roles.

Apparently, there are not big differences between PE in two countries, almost because of the same values and goals in educating sports among pupils and students. They both develop various sport programs for the interests of students and aim to introduce students to the basic elements of physical exercise that will lead to a healthy lifestyle.

REFERENCES:

1. **Larry D. Hensley** (2000) Current Status of Basic Instruction Programs in Physical Education at American Colleges and Universities, *Journal of Physical Education, Recreation & Dance*, 71:9, 30-36, DOI: 10.1080/07303084.2000.10605719
2. **Bradley J. Cardinal, Spencer D. Sorensen & Marita K. Cardinal** (2012) Historical Perspective and Current Status of the Physical Education Graduation Requirement at American 4-Year Colleges and Universities, *Research Quarterly for Exercise and Sport*, 83:4, 503-512
3. **Jones, D. F., Brooks, D. D., & Mak, J. Y.** (2008). Examining sport management programs in the United States. *Sport Management Review*, 11(1), 77-91.
4. **Wiggins, D. K.** (2013). A worthwhile effort? History of organized youth sport in the United States. *Kinesiology Review*, 2(1), 65-75.
5. **Lumpkin, A.** (1994). *Physical education and sport: a contemporary introduction* (No. Ed. 3). Mosby-Year Book, Inc.
6. Типовая учебная программа «Физическая культура» (для всех специальностей и направлений высших учебных заведений). Алматы, 2016
7. **Иванов Г.Д., Кульназаров А.К.** Физическое воспитание студентов: учебник. – Алматы, 2002.

АМЕРИКА МЕН ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТТЕРІНДЕГІ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ПӘНІН ОҚЫТУҒА САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Нурлыбек Шаяхметов

педагогика ғылымының магистрі, сеньор-лектор, Astana IT University, Астана, Қазақстан.

Салтанат Садвокасова

педагогика ғылымының магистрі, сеньор-лектор, Astana IT University, Астана, Қазақстан.

■ **Аңдатпа.** Мақалада Қазақстан мен АҚШ университеттеріндегі дене тәрбиесіне қатысты көзқарастар салыстырылады, оқушылардың, студенттердің денсаулығын нығайтуға және дене шынықтыруға жалпы назар аударылады. Ол оқу бағдарламаларындағы, спорттық нысандардағы, бәсекелестік деңгейіндегі және гендерлік рөлдердегі айырмашылықтарды көрсетеді. Қазақстанда дене тәрбиесі, әдетте, дәстүрлі спорт түрлеріне бағытталған, ал АҚШ-та сабақтардың кең спектрі ұсынылады. Американдық университеттер тамаша спорттық базаға және жоғары бәсекеге қабілетті командаларға ие, ал Қазақстанда спорттық нысандардың сапасы әртүрлі және бәсекелестік айтарлықтай жоғары емес. Академиялық ықпалдастық АҚШ-та жиі кездеседі, мұнда студенттер спортпен шұғылданғаны үшін ұпай жинай алады, ал Қазақстанда спорт пен оқу жиі бөлінеді. Жалпы, екі ел де дене шынықтыруды жоғары бағалайды, бірақ оқу бағдарламаларындағы, материалдық-техникалық базадағы, жарыстардағы, академиялық пәндердің ықпалдастығы және гендерлік айырмашылықтар анық байқалады.

⇒ **Түйін сөздер:** дене шынықтыру, оқу бағдарламасы, спорттық нысандар, денсаулық және әл-ауқат.

СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ ПРЕПОДАВАНИЯ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ В АМЕРИКАНСКИХ И КАЗАХСТАНСКИХ УНИВЕРСИТЕТАХ

Нурлыбек Шаяхметов

магистр педагогических наук, сеньор-лектор, Astana IT University, Астана, Казахстан.

Салтанат Садвокасова

магистр педагогических наук, сеньор-лектор, Astana IT University, Астана, Казахстан.

■ **Аннотация.** В статье сравниваются подходы к физическому воспитанию (ФВ) в Казахстане и США, подчеркивается общая направленность на укрепление здоровья и физическую подготовку учащихся. При этом освещаются различия в учебных программах, спортивных сооружениях, уровне соревнований и гендерных ролях. В Казахстане физическое воспитание, как правило, ориентировано на традиционные виды спорта, в то время как в США предлагается более широкий спектр занятий. Американские университеты, как правило, располагают отличной спортивной базой и высококонкурентными командами, в то время как в Казахстане качество спортивной базы варьируется, а конкуренция не столь высока. Академическая интеграция более распространена в США, где студенты могут получать баллы за занятия спортом, в то время как в Казахстане спорт и учеба часто разделены. В целом обе страны высоко ценят физическое воспитание, но различия в учебных программах, материально-технической базе, соревнованиях, интеграции академических дисциплин и гендерных ролях определяют их разные подходы.

⇒ **Ключевые слова:** физическая культура, учебная программа, спортивные сооружения, здоровье и благополучие.

МРНТИ 77.03

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЗДОРОВЬЕСБЕРЕГАЮЩИХ ТЕХНОЛОГИЙ НА УРОКАХ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ

Чернов Олег Игоревич

*преподаватель физического воспитания КГКП «Карагандинский агротехнический колледж»
г. Караганда, e-mail: kar-agrteh@krg-edu.kz.*

■ **Аннотация.** В статье рассматривается вопрос об использовании здоровьесберегающих технологий на уроке физического воспитания. Создание оптимальных условий для здоровьесбережения через урочную и внеклассную деятельность, использование валеологических приемов, инновационных методов организации уроков с учетом индивидуальных возможностей. Описаны методы и приемы решения задач здоровьесбережения, которые обеспечат возможность сохранить здоровье за период обучения в колледже, сформируют необходимые знания, умения и навыки по здоровому образу жизни, научат использовать полученные знания в повседневной жизни.

→ **Ключевые слова:** здоровьесберегающие технологии, гигиенические факторы, оздоровительные силы природы, средства двигательной направленности, нетрадиционные уроки, внеклассные мероприятия, «физкультурный паспорт», валеологические приемы, уроки здоровья.

Актуальность исследования.

В связи с ухудшающимся уровнем здоровья подрастающего поколения, существует необходимость организации урока физической культуры с акцентом на решение оздоровительных задач физического воспитания, не нарушая при этом образовательной составляющей процесса.

Цель исследования. Рассмотреть через реализацию инновационных здоровьесберегающих технологий на уроках физической культуры воспитание здорового образа жизни.

Подготовка к здоровому образу жизни ребенка на основе здоровьесберегающих технологий должна стать приоритетным направлением в деятельности каждой организации образования.

Поэтому перед каждым учителем физической культуры возникают вопросы: как организовать деятельность на уроке, чтобы дать каждому оптимальную нагрузку с учетом его подготовленности, группы здоровья? Как развивать интерес к урокам физкультуры, потребность в здоровом образе жизни, учитывая появление более сильных интересов в жизни? Как сделать привлекательным урок физкультуры для всех детей? Как эффективно организовать учебный процесс без ущерба здоровью обучающихся? Весь процесс обучения в условиях здоровьесберегающей педагогики включает в себя три этапа:

1. Этап начального ознакомления с основными понятиями и представлениями.
2. Этап углубленного изучения.
3. Этап закрепления знаний, умений и навыков по здоровьесбережению и дальнейшего их совершенствования.

Для достижения целей здоровьесберегающих технологий применяются следующие группы средств: гигиенические факторы; оздоровительные силы природы; средства двигательной направленности.

Первое условие оздоровления – это создание на уроках физической культуры гигиенического режима. В обязанности педагога входит умение и готовность видеть и определить явные нарушения требований, предъявляемых к гигиеническим условиям проведения урока и, по возможности изменить их в лучшую сторону – самому, с помощью администрации, медиков.

Второе условие – использование оздоровительных сил природы, которое оказывает существенное влияние на достижение целей здоровьесберегающих технологий на уроках. Проведение занятий на свежем воздухе способствует активизации биологических процессов, повышают общую работоспособность организма, замедляют процесс утомления и т.д.

Для создания условий мотивации к занятиям физической культурой используются:

- валеологическое просвещение студентов и их родителей;
- нетрадиционные уроки;
- современные средства физической культуры;
- комбинирование методов, приемов физического воспитания.
- внеклассные формы физического воспитания.

На всех уроках прививать гигиенические навыки ребенка, предусматривать участие его в регулировании общего режима дня, в частности, режима движений в течение дня. Воспитывать правильное отношение детей к закаливанию организма.

Основными видами нетрадиционных уроков являются сюжетно-ролевые игры, уроки здоровья. На уроках здоровья дети делятся на группы. В группах ослабленных детей следуя принципам и нормам предоставления детям таких упражнений, которые способствуют снятию умственного напряжения, исключая длительные статические нагрузки. Использовать физические упражнения, которые направлены не только на физическое развитие детей, но и имеющие лечебно-воспитательный эффект, корректирующие, коррекционные упражнения. (например, ходьба по лестнице для стоп, шишкам, канату укрепляет и развивает мышцы стопы, и предупреждает развитие плоскостопия). Упражнения со скакалкой и обручем содействуют формированию правильной осанки, благотворно действуют на сердечно-сосудистую и дыхательную системы.

Регулярно применять специальные комплексы, формирующие изящность, грациозность, пластичность. Обязательно включать в каждый урок упражнения на психорегуляцию и релаксацию.

Для создания здоровьесберегающего пространства комбинировать игровой, соревновательный и круговой метод, учитывая возрастные особенности обучающихся, не допускать переутомления, направлять их действия и контролировать нагрузку.

На уроках стараться создать такие условия, чтобы у ребенка «появился аппетит» заниматься физической культурой и спортом, чтобы он понял полезность движений для своего здоровья.

Обучающимся необходимо овладеть основами личной физической культуры, под которой понимаются единство знаний, потребностей, мотивов достичь оптимального уровня здоровья, физического развития, разностороннего развития двигательных способностей, умения осуществлять собственную двигательную, физкультурно-оздоровительную и спортивную деятельность. И здесь большую роль играют внеклассные формы физкультурно-оздоровительной и спортивно-массовой работы. Они позволяют увеличивать объем двигательной активности и способствуют более полной реализации их индивидуальных способностей и двигательного потенциала.

Основными внеклассными формами физического воспитания являются: спортивные праздники, Дни здоровья, товарищеские встречи, туристические слеты, организация подготовки команд к районным соревнованиям.

В спортивно-массовых мероприятиях и соревнованиях стараться задействовать как можно больше детей. Участие в соревнованиях разного уровня во многом способствует привлечению к кружковым занятиям.

Для осуществления контроля и выявления уровня физической подготовленности, проводить тестирование обучающихся. Тесты направлены на развитие основных двигательных качеств: выносливость, сила, скорость.

Результаты тестирования заносить в «Паспорт здоровья». Уровень физической подготовленности обучающихся выводится по результатам тестирования с помощью компьютерной программы «Физкультурный паспорт» (бег 30 м, бег 1000 м, прыжок в длину с места, подтягивание-мальчики, подъем туловища за 30 с-девочки) и определяется в начале и конце учебного года.

Заключение. Таким образом, из определения здоровьесберегающих образовательных технологий видно, что важнейшей целью внедрения здоровьесберегающих технологий в образовательный процесс является формирование культуры здоровья. Именно на это должны быть, в значительной степени, направлены усилия наши и семьи, с учётом приоритета в данном вопросе воспитания над обучением. Культура здоровья должна не изучаться, а воспитываться. Психологическая основа этого - мотивация на ведение здорового образа жизни. Неотъемлемой частью культуры здоровья является информированность в вопросах здоровья и здорового образа жизни.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. **Андреева, И. Г.** Сохранение и укрепление здоровья школьников – актуальное направление развития содержания образования на этапе инновационного становления России/И.Г. Андреева //Стандарты и мониторинг. - 2011.-№3.- С.15-19
2. **Антипова, Л. П.** Использование здоровьесберегающих технологий в образовательном процессе, Л. П. Антипова/Начальная школа. - 2011 №8 с 106-108.
3. **Анохина И.А.** Индивидуальный подход в физкультурно-оздоровительной работе ДОУ: Методические рекомендации / И.А. Анохина. - Ульяновск: УИПКПРО, 2006. - 49 с.
4. **Ахутина Т.В.** Здоровьесберегающие технологии обучения: индивидуально-ориентированный подход // Школа здоровья. 2000. Т. 7. №2.
5. Валеология. Диагностика, средства и практика обеспечения здоровья. / Под ред. И.И. Брехмана. СПб.: Наука, 1993, 269с.

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҚТАРЫНДА ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ

Чернов Олег Игоревич

дене шынықтыру пәнінің оқытушысы «Қарағанды агротехникалық колледжі» КМҚК Қарағанды қаласы, e-mail: kar-agrteh@krg-edu.kz.

■ **Аңдатпа.** Мақалада дене шынықтыру сабағында денсаулық сақтау технологияларын қолдану мәселесі қарастырылады. Сабақтан тыс және сыныптан тыс жұмыстар арқылы денсаулықты сақтау үшін оңтайлы жағдайлар жасау, валеологиялық әдістерді, жеке мүмкіндіктерді ескере отырып, сабақтарды ұйымдастырудың инновациялық әдістерін қолдану. Колледжде оқу кезеңінде денсаулықты сақтауға мүмкіндік беретін, салауатты өмір салты бойынша қажетті білім, дағдыларды қалыптастыратын, алған білімдерін күнделікті өмірде қолдануға үйрететін денсаулық сақтау мәселелерін шешудің әдістері мен әдістері сипатталған.

→ **Түйін сөздер:** денсаулық сақтау технологиялары, гигиеналық факторлар, табиғаттың сауықтыру күштері, қозғалыс құралдары, дәстүрлі емес сабақтар, сыныптан тыс жұмыстар, «Дене шынықтыру паспорты», валеологиялық әдістер, денсаулық сабақтары.

